ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 19 қыркүйек Іс №1513-24-00-2/1928 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.А.Казтуганова,
сот отырысының хатшысы Б.С.Кожагулова отырып,
сот ғимаратында «Whatsapp» мобильдік қосымшасы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының білім басқармасы Шалқар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Еркемай» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер Улбала Сартаевна Серикбаева («Молдир»)

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Ақтөбе облысының төтенше жағдайлар департаменті алқар ауданының төтенше жағдайлар бөлімі» республикалық мемлекетті мекемесі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.тұрақсыздық айыбын өндіру
3. шартты бұзу

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
прокурор А.Муханова
талап қоюшының өкілі М.А.Жумагулова
жауапкердің өкілі Р.Н.Тажденова

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 26.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 17.12.2024, судья Казтуганова Б. А., 05.01.2025
1513-24-3-1/2202

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде талап қоюшы (тапсырыс беруші) және жауапкер (өнім беруші) арасында 2024 жылдың 20 мамырында №40 құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасақталған.

Шарт бойынша жауапкер өрттен қорғайтын жабындарды жағу бойынша жұмыстарды 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде орындауға міндеттенген.

Шарттың жалпы сомасы 70 000 теңгені құрайды.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы жауапкермен 2024 жылдың 20 мамырында төленген.

Сәйкесінше, жауапкермен міндеттемені орындау мерізімі қоса есептегенде 2024 жылдың 4 маусымына дейін болып табылады.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, онда мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін толық орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру және шартты бұзуды сұраған.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты қуаттап қанағаттандыруды сұраған.

Жауапкердің өкілі сот отырысында талапты мойындамай, талап қоюшының талабы заңға келмейтіндігін, пікірінде келтірген уәждерін қолдап, 2024 жылдың 14 маусымында жұмыстарды орындалғандығы туралы айытты, талап қою қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланғанымен үшінші тұлға сот отырысына қатысқан жоқ, істі өзінің қатысуынсыз қарау туралы сотқа арызданбаған.

Істі негізінен қарау үшін дәлелдемелер жеткілікті болғандықтан, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының (әрі қарай–АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі тараптардың қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

Прокурор талап қоюды ішінара қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

АПК-нің 72-бабына сәйкес (әрі қарай–АПК), әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 26.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 17.12.2024, судья Казтуганова Б. А., 05.01.2025
1513-24-3-1/2202

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Азаматтық іс материалдарынан мынадай негізде жасалған шарттың талаптары шарттың талаптарына сәйкес орындалуға жататың міндеттемелерді қабылдады.

Бұл ретте тауардың атауы, оның нақты техникалық сипаттамалары мен құны, жеткізу мерзімі мен тәртібі, оған ақы төлеу тәртібі шартта және оған қосымшаларда көрсетіледі.

Шарттың 2.1. тармағына сәйкес орындаушы осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша жұмысты (жұмыстарды) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші орындалған Жұмысты (Жұмыстарды) қабылдауға және Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде ол үшін осы Шарттың талаптарында ақы төлеуге міндетті.

Сотта жауапкердің өкілі өзіне алған міндеттемелерді 2024 жылдың 14 маусымында орындалды деп айттылды.

Сот бұл бөлімдегі жауапкердің дәлелдерді келесіге байланысты дәрменсіз деп санайды.

Сотта талап қоюшы жауапкер ешқашан объектіге келмегенің, оның жұмысын орындалмағаның, мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы акт жіберілмегенің, бұдан басқа талап қоюшы әкімшілік жауапкершілікке тартылғанын түсіндірді.

Шарттың 4.1. тармағына сәйкес, орындаушы тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген орындалған жұмыстар актісін, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 45-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге міндеттенеді.

Сотта жауапкермен аталған шарттың 4.1. тармағы сақтамағандығы және талап қоюшыға акт жолданбағаны анықталды.

Сонымен қатар, 2024 жылдың 12 шілде қаулысымен Г.Т.Оралмаганбетова Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 410 бабына сәйкес 1 бөлігімен көзделген ескерту түрінде жазаны қолдану арқылы әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылды.

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 26.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 17.12.2024, судья Казтуганова Б. А., 05.01.2025

АК-нің 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Сот талап қоюшысыз жасалған өртке қарсы объектінің сынамаларын алу актісі мен 2024 жылдың 14 маусымдағы қабылдау актісі жауапкердің міндеттемелерді орындағанын растайтын дәлел болып табылмайды деп есептейді.

Талап қою талабына қарау кезінде сот өнім берушіге қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындау міндеті жүктелген шартың ережелерін ескереді.

Шарттың 4.1. тармағына сәйкес өнім беруші өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге.

Қазіргі уақытта тараптар арасындағы міндеттемелер 2024 жылдың 9 шілдесінен бастап шарттың бұзылуына байланысты тоқтатылды.

Шартты бұзу жөніндегі іс-әрекеттер жойылған жоқ және заңсыз деп танылған жоқ.

Заңның 38-бабының 4 тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Бұл мемлекеттік сатып алулар баға ұсыныстарын сұрау тәсілімен өткізілді.

Демек, өнім беруші мемлекеттік сатып алуға қатыса отырып, жасалатын шарттың талаптары туралы білді және оны техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес белгілінген мерзімде орындауға міндетті болды.

Заңның 43 бабының 23 тармағына сәйкес тапсырыс беруші мен өнім беруші көрсетілген жасалған шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы шарт орындалды деп есептеледі.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемесін толық орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 26.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 17.12.2024, судья Казтуганова Б. А., 05.01.2025
1513-24-3-1/2202

Шарттың 8.3 тармағына сәйкес, жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

АПК-нің 225-бабының 2 бөлігіне сәйкес сот істі талап қоюшы мәлімдеген талаптар шегінде шешеді.

Талап қоюшы ұсынған 1 890 теңге көлеміндегі тұрақсыздық айыбының мөлшерін сот дұрыс деп санайды:

(70 000 теңге *0,1%*27 күн (2024 жылдың 5 маусымнан бастап-2024 жылдың 1 шілде қоса есептегенде).

Сот кабинеті арқылы сотқа тұрақсыздық айыбын төленгені туралы мәліметтер ұсынылмаған.

Бұл ретте, талап қоюшының жауапкерден мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандыруға жатады.

№3 талап бойынша

АК 401-бабының 2-тармағына сәйкес, тараптардың біреуінің талабы бойынша шарт:

1) екінші тарап шартты едәуір бұзған кезде;

2) осы Кодексте, басқа да заң құжаттарында немесе шартта көзделген өзге реттерде тек сот шешімімен өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін.

АК 402-бабына сай, шартты өзгертуге немесе бұзуға ұсыныстан екінші тараптың бас тартуы алынғаннан кейін, не ұсыныста көрсетілген немесе заңдарда не шартта белгіленген мерзімде, ал ондай мерзім болмаған кезде отыз күн мерзімде жауап алынбағаннан кейін ғана тарап шартты өзгерту немесе бұзу туралы талапты сотқа мәлімдей алады.

Қазіргі уақытта тараптар арасындағы міндеттемелер шарттың аяқталуына байланысты тоқтатылды, шарт 2024 жылғы 9 шілдеде талап қоюшымен біржақты бұзылған.

Бұл ретте, сот талап қоюшының шартты бұзу туралы талабы қанағаттандырудан бас тартуға жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 26.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 17.12.2024, судья Казтуганова Б. А., 05.01.2025

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Шалқар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Еркемай» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорының талап қою ішінара қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Улбала Сартаевна Серикбаеваны («Молдир») мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Улбала Сартаевна Серикбаевадан («Молдир») мемлекет пайдасына 1890 (бір мың сегіз жүз тоқсан) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Дара кәсіпкер Улбала Сартаевна Серикбаевадан («Молдир») жергілікті бюджет пайдасына 1903 (бір мың тоғыз жүз үш) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Талап қоюның қалған бөлігі қанағаттандырудан бас тартылсын.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.А.Казтуганова

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 26.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 17.12.2024, судья Казтуганова Б. А., 05.01.2025
1513-24-3-1/2202